



Тасилова Назия Айтбайқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қауымдастырылған профессоры

Алтын Орданың гүлдену дәуірі

Мақсаты:

Алтын Орданың ең қуатты кезеңін
сипаттау, мемлекеттің саяси,
экономикалық және мәдени өрлеу
себептерін анықтау және оның
өркениеттік маңызын түсіндіру.



ДӘРІС ЖОСПАРЫ:

- Алтын Орданың гүлдену кезеңінің негізгі белгілерін сипаттау;
- Өзбек хан мен Жәнібек хан дәуіріндегі ішкі және сыртқы саясаттың ерекшеліктерін талдау;
- Мемлекеттің экономикалық дамуы мен халықаралық байланыстарын көрсету;
- Алтын Орда өркениетінің Еуразия тарихындағы орнын бағалау.



Гүлдену кезеңінің басталуы



XIV ғасырдың бірінші жартысы – Алтын Орда тарихындағы ең қуатты дәуір.

Өзбек хан (1312–1342) – исламды мемлекеттік дін ретінде енгізіп, елдің саяси және рухани тұтастығын нығайтты.

Жәнібек хан (1342–1357) – саяси тұрақтылықты сақтап, мәдени өрлеуді жалғастырды.

Өзбек ханның билікке келуі

- Тоқтай ханның өлімімен таққа Елбасар отыруы керек еді, бірақ исламшыл феодалдар Өзбекті қолдады.
- Шаманизмді уағыздаушыларға қарсы күресіп, исламға мойынсынуды талап етті.
- Көтерілістерді басып, билікті орталықтандырды; Жошы ұрпақтары оның билігін мойындады.
- Мемлекеттік басқару жүйесі орталықтандырылды, диван кеңесі (төрт әмір) құрылды:

Беклербек – әскери істерді басқарды.
Уәзір – азаматтық істерді басқарды.



Өзбек хан
(1312 - 1342 ж.)

Сыртқы саясат



Орыс князьдықтарына қысым:

Тверь, Владимир және Рязань князьдері жазаланды, салықтар төленді.

Мәскеу княздығы қолдау алды, орыс жерлерінде билік теңестірілді.

Литва мен Польшаға қарсы жорықтар арқылы батыстағы қауіптер бәсеңдетілді.

Кавказ, Орта Азия, Иран бағытында әскери науқандар жүргізілді.

Экономикалық өрлеу

Сауда маңызды рөл атқарды; Алтын Орда Ұлы Жібек жолының торабы болды


Ірі қалалар: Сарай-әл-Жадид, Хажы-Тархан, Сарайшық, Үкек

Сауда байланыстары: Қытай, Үндістан, Парсы, Еуропа

Экспорт: жылқы, тері, аң терісі, тұз, астық, құл;

Импорт: жібек, металл бұйымдар, қару-жарақ.

Ақша айналымы дамыған: мыс, күміс, алтын теңгелер соғылды.



A historical map of the Golden Horde, a division of the Mongol Empire. The map shows the territory in yellow, with major cities like Moscow, Kazan, Bulgar, Sarai, and Tiumen marked. The Caspian Sea and Aral Sea are shown in blue. A dark red rounded rectangle is overlaid on the map, containing the title in white text. An arrow points from the Sarai city icon to the right.

МӘДЕНИ ӨРЛЕУ (ЖӘНІБЕК ХАН ТҰСЫ)

**ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ, МЕШІТТЕР
МЕН МЕДРЕСЕЛЕР САЛЫНДЫ.**

**САРАЙ ҚАЛАСЫ МӘДЕНИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҚҚА
АЙНАЛДЫ: МОНША, КІТАПХАНА, ШЕБЕРХАНАЛАР**

**ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР: МЫСЫР
МӘМЛҮКТЕРІ, ИРАН, ВИЗАНТИЯ, ГЕНУЯ, ВЕНЕЦИЯ.**

